

"Көмір" әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру және "Қазақстан Республикасы көмір өнеркәсібінің әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімшесі" қазыналық кәсіпорнын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 ақпан N 307

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, республиканың көмір өнеркәсібінің ұйымдарында профилактикалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жетілдіру, салалық авариялық-құтқару қызметтерінде дара басшылық принципін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің "Көмір" әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі" республикалық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Кәсіпорынның қызметінің негізгі нысанасы:

1) көмір өнеркәсібінің қызмет көрсететін кәсіпорындарында авария кезінде адамдарды құтқару және көшіру, тікелей жұмыс орындарында және көшіру кезінде оларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету;

2) өрт сөндіру, газ жарылысы мен шаң-тозаңның, тау-кен дүмпуінің, тау кені орындарының газдану және су басу зардаптарын жою, қызмет көрсететін объектілерде төтенше және авариялық жағдайларда жүргізілетін басқа да арнайы жұмыстарды орындау.

3. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырушы орган болып айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін;

2) Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. "Қазақстан Республикасы көмір өнеркәсібінің әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімшесі" қазыналық кәсіпорны таратылсын.

6. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасы көмір өнеркәсібінің әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімшесі" қазыналық кәсіпорнын таратуды жүргізсін, таратылғаннан кейін қалған мүлікті Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі

а г е н т т і г і н е

б е р с і н .

6-1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің "Қазақстан Республикасы көмір өнеркәсібінің әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімшесі" қазыналық кәсіпорнының қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындауы кезінде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін міндеттемелерін Кәсіпорынға жүктеу туралы ұсынысына келісім берілсін.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің
2000.08.04. N 1195 қаулысымен. P001195_

7. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі